

ТУРИСТІК ҚЫЗМЕТ – ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОР РЕТІНДЕ

Сарсенбаева Ж.

Туристские услуги – как социально-экономический фактор. Туризм имеет не только экономическое значение, но и социально-культурное, так как способствует развитию межгосударственных связей и культурных обменов между странами, увеличивает объем межрегиональных связей, повышает познавательный уровень населения.

Tourist services – as a socio-economic factor. Tourism has not only economic value, but also welfare as promotes development of interstate communications and cultural exchanges between the countries, increases volume of inter-regional communications, raises informative level of the population.

Туристтік қызметтер аясы қоғамның экономикалық және әлеуметтік дамуында маңызды орын алады. Аталмыш аяның функциялары өндіріс пен тұтынуға, халықтың еңбек ету жағдайы мен тұрмыс деңгейіне өспелі әсер етеді. Қоғамдық ұдайы өндіріс үдерісінің ажырамас құрама элементі бола тұра, туристік қызметтер, қоғамның басты өндіргіш күші, ұдайы өндіріс процесінің объектісі мен субъектісі – адамның қалыпқа келуінде, еңбек, оқу және тұрмыстық белсенділік барысында жұмсалған нақты және рухани күштерін қалпына келтіруде аса үлкен рөл атқарады.

Қызметтер аясының құрамдас бөлігі ретінде туристік қызметтер аясы, туризм субъектілеріне, яғни туристер мен бір күндік саяхатшыларға көрсетілген қызметтерге сәйкес анықталады. Ол адамның саяхаттауға, демалуға, экскурсияға шығуға және т.б. деген қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған. Сөйтіп, жұмысшылардың бос уақытының кезеңдік және объективті шегін кеңейту, оны мазмұнды және пайдалы демалыспен толықтыру, жалпы ой-өрісті дамытуда бұл саланың басты мақсатын көреміз. Туристтік қызметтер аясының барлық әсерлерінің жиынтығы, адамның жоғарғы тәртіптегі қажеттіліктерінің жүзеге асуының жаңаша сапасын білдіреді. Бұл сапа мерзімді ұзарту сипатына ие, кейінгі белсенді еңбек қызметі барысында байқалуы мүмкін, сондықтан одан барша қоғамның тіршілік әрекетінің тиімділігі байланысты болмақ.

Туристтік аядағы қызмет әлеуметтік-мәдени, экономикалық, экологиялық және саяси сипатқа ие. Туристтік қызметтің осы сипатты белгілері қоғамдық үдерістердің дамуына негіз бола алады (1-сурет).



Сурет 1 – Ел экономикасындағы туристік қызмет аясының орны [1]

Туристік қажеттіліктерін қанағаттандыруда көрсетілетін негізгі қызметтер қатарына көлік, қонақ үй, қоғамдық тамақтандыру орындары, турфирмалар қызметтерін, сондай-ақ, бірқатар қосымша қызмет түрлерін жатқызуға болады. Сондықтан да, туристік қызмет аясы мамандандырылған және айқын туристік сипатқа ие емес, «екініші ретті» кәсіпорындар (мысалы, жол құрылысы, отын өнеркәсібі және т.с.с.), қызметтер аясы араларындағы байланыстылықты білдіріп, көп салалы ұйым ретінде көрінеді. Осыған байланысты, кей экономистер «туризм индустриясы», «туризм кластері», яғни қызмет көрсететін салалар жиынтығы ретінде ұсынып, тұтынылған материалды және материалдық емес игіліктерді туристік қызметтер ретінде қарастыруды алға тартады [2].

Туристік қызметтің ұсынылуын және туристік қызметтер аясының дамуын, ең алдымен, жалпы ұлттық өнімнің, жұмысшы күшінің ұдайы өндірілуінде және сәйкес экономикалық қатынастардың ұдайы жаңғыртылуында қатысуы тұрғысынан қарастырады. Дегенмен де, туристік қызметтердің халыққа ұсынылуы, маңызды экономикалық және әлеуметтік мәселелердің шешілуінің алғы шарты болды.

Ең алдымен, туристік қызметтер аясының дамуы, туризмге қатысты салалардағы мамандарды туристік қызмет индустриясына біріктіре отырып, жұмыс орындарын құруға, халық арасында жұмыспен қамтылуды жоғарлатуға әкеліп, әлем бойынша орын ауыстыратын туристердің қажеттіліктерін толығырақ қанағаттандырып, қызмет етуге жұмылдырылады. Бүгінгі күні туристік қызмет индустриясында жұмысшылармен қатар, негізгі құралдар мен ірі қаржылар да қамтылғандықтан, оны ірі бизнес, үлкен ақша және ғалами деңгейдегі қатаң саясат ретінде сипаттауға болады.

Туристік қызметтер аясының еңбекшілерге өздерінің тұрмыс деңгейін көтеруіне мүмкіндік беруі (еңбекақы, жұмыспен қамтылудың екінші категориясындағы қосымша табыс табу; туристік орталықтардағы сервисті қызметтердің кеңінен таралуы), ендігіде, айтарлықтай еңбек ресурстарын баулу қабілеттілігі мен табыстылығы және тез қайтарымдылығымен

түсіндіріледі. Бұған қоса, туристік қызмет аясының, орын ауыстыру арқылы адамдардың қалыпты тұрмыс салтын өзгертуін, яғни өндірісті өмір қалпына шынайы контрастты қамтамасыз етуін атап өткеніміз жөн.

Туристік қызмет, инфрақұрылымның қалыптасуы мен дамуын жеделдете отырып, еліміздің сәйкес өңірлерінде халық шаруашылық салаларының дамуына жағымды әсер етеді. Ол көлік пен байланыс, сауда, құрылыс, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп және т.б. секілді шаруашылықтың басты секторларына айтарлықтай әсер етіп, әлеуметтік-экономикалық дамудың катализаторы ретінде көрінеді. Ғалымдардың айтуынша, туристік қызмет аясының тікелей және жанама әсерінің негізінде оны экономиканың 32 саласы қалады, мұның өзі туристік қызметпен жұмылдырылған жұмысшылар санының нақты бағалануын қиындатады [1]. Туристік қызметпен ұштасатын салалар қатарында халық кәсібі де көрінеді. Халық кәсібін қолға алу тәжірибесін туристік қызметке маманданған елдердің барлығында дерлік байқауға болады. Халық кәсібін дамытудың, ісші-қолшеберлердің жаңа ұрпақтарының пайда болуының экономикалық мәселелерді шешуге көмектесуімен қатар, әлеуметтік маңыздылығы ерекше. Тұлғаның шығармашылық дамуын ынталандыра; адамдардың өзіндік шығармашылық әлуетін байқауға, оны сақтауға және толықтыруға мүмкіндік беретін жағдайларды ұсына, туристік қызметтер аясы ұлттың рухани жандануына септігін тигізеді. Осы төңіректе қандастарымыз – оралмандардың ішінде айқын сақталған ата-бабамыздың қолөнермұрасын ұрпақтарымызға беруінің маңызын ерекше атап, бұған жағдай жасау арқылы, оларды жұмыспен қамту, сөйте, олардың қоғамымызға өз орнын тауып, елімізге сіңісуі, тұрмыс жағдайын жақсарті мәселелерін шешуге болатындығын алға тартамыз.

Сонымен қатар, туристік қызметтің дамуы көптеген ауылды жерлерде тіршіліктің жандануына әкеледі, өз орындарында ауыл шаруашылық өнімдерін өткізу мүмкіндіктерін бере, халықтың тұрақтануы және тұрмыс деңгейінің артуына септігін тигізеді.

Югослав экономисті С.Маркович туристік қызметтің тұтынуын қуат көзі ретінде өзен жағдайымен салыстырады. Осылайша, су электр станциясының құрылысы кезінде су массасы өзгермесе де, су қуатының арқасында өзен электр энергиясын өндіретін агрегатты қозғалысқа әкеледі. Өзенде тіптен бес немесе он су электр станциясы салынса да, судың қуаттылық көлемі өзгеріссіз қалады, ал өндірілетін электр энергиясының көлемі бес немесе он есе артады. С. Марковичтің ескеруінше, туристік қызмет аясында осы тәріздес жағдай орын алады [3].

Рационалды даму үстіндегі, әлеуметтік-мәдени, саяси және экологиялық салдарлар кешенін ескеретін туристік қызмет аясы қала құрылысының маңызды саласы бола алады. Әлем тарихында құрылудың осындай түрі бойынша мысалдар көптеп кездеседі. Туристік қызметтің қажеттілігін алғашқылардың бірі болып түсінген Франция елі, туризм аясын ұлттық экономикасының ажырамас бөлігі ретінде бекітті. Туристік қызметтің ынталандырылуы, көптеген француз қалаларының әлеуметтік-экономикалық

дамуын дұрыс бағдарлауға, олардың ерекшеліктерін белгілеуге, оларды мысал ретінде 1858 жылы кішігірім туристік ресурстары болған Лурд қаласының тарихын атауға болады. Өзінің таңдаған даму стратегиясын бірте-бірте жүзеге асыра отырып, бұл қала діни-қажылық орталығына айналып, ортаға бір ғасыр салғаннан соң «бастапқы жағымды жағдайларға» ие болған қалаларды артта қалдырып, Еуропадағы туристік үш ірі орталықтардың бірі болды [2].

Туристік қызметтер аясы қоршаған табиғи ортаға, туристік және мәдени дәулетке ұқыптылықпен қарайды. Ол табиғи, мәдени және тарихи объектілерді пайдалануда айқын бағдары бар салалар қатарында ерекше орынды алады және қоршаған ортаны қолдауға жан-жақты септігін тигізеді. Туристік қызметтер аясындағы табиғатты субъектілері қатарына турист-тұтынушы және өз қызметі барысында осы табиғи кешенді пайдаланатын туристік кәсіпорын жатады. Ал сыйымдылық, тұрақтылық, түрлілік, тартымдылық секілді қасиеттеріне ие табиғи-аумақтық жүйелер табиғатты пайдаланушы жүйелі объектілері болып табылады. Қазақтан үшін, туристік қызмет аясының экологиялық аспектісі, ең алдымен – қоршаған ортаны, табиғатты бұзу қаупін шектеу, ластануын азайту арқылы қорғау болса, екіншіден – бұл тұтынуы рекреациялық ресурстардың оқшауландырылуы орындарында болатын, туристік ресурстарды рационалды пайдалану, үшіншіден – бұл адамның рекреациясын қолдануынан көрінеді.

Аумақтық әлеуметтік-экономикалық жүйе тарихи - мәдени құндылықтарды пайдалана отырып, өзінің шаруашылық қызметінің қосымша аясын дамыту үшін мүмкіндіктер алады және де ол жағымды жағдайлар қалыптасқан кезде басымдылыққа ие болуы мүмкін. Көптеген аумақтардың өзіндік бір мәдени-тарихи қайта бағдарлануын бақылай отырып, олардың рухани өндіріс орталықтарына айналуы жайлы айтуға болады. Рухани «қайта жайластыру» қоғамның әлеуметтік-адамгершілікті және психологиялық беріктілігіне, жеке адамның білімі мен бойына жинақтаған тәжірибесінің кеңеюіне септігін тигізеді. Мұнда туристік қызметтер аясы тек қосымша табыс алу негізі ретінде ғана көрінбей, жалпылай мәдениет пен еңбек өнімділігінің өсу факторы ретінде байқалады. Бұған қоса, туристік қызметтер аясының өңірлер арасындағы, үкіметтер арасындағы, халықтар арасындағы, тұлғалар арасындағы экономикалық қатынастарға жағымды әсер етіп, байланыстың нығаюы мен іскерлік белсенділіктің басқа рыноктарда біріктірілуіне мүмкіндіктер беретіндігін айта кету қажет. Елдер арасындағы туристік қызметтер саудасының дамуы және халықаралық ынтымақтастықтың жаңа түрлерінің таралуы, туристік қызметтердің экспорты мен импортының ара-қатынасы, елдер арасындағы қаржы салымдарының алмасуы, туристік қызметтер аясының интернационализациясының көрсеткіші болып табылады. Халықтар мен мемлекеттер арасындағы өзара түсінушілік пен ынтымақтастықтың болуы, адамның құқықтарының сақталуы, туристік қызметтер аясының айқын имандылық сипатын білдіреді. Туристік қызметтер аясының имандылық сипатын, демалыстың танып игеруімен қоса жүруі, бейбітшілікті қолдау

бағытын ұстану, туризм түрінің интеллектуалды мазмұны, өсіпкел ұрпақтың тәрбиесі секілділермен толықтыра түсуге болады.

Туристік қызметтер аясы әлемдік шаруашылықта экономиканың «табысты» салалары қатарынан көрініп, жетекші орындарының біріне ие болып отыр. Бұл саланың дамуы отандық және шетел валюталарының ағымын қамтамасыз етіп, төлем балансы және жиынтық экспорт секілді экономикалық көрсеткіштерге жағымды әсер тигізеді. Осылайша, сарапшылардың болжамдауынша халықаралық туристік қызмет саудасынан түсетін түсім 2020 жылға 2 трлн. долларды көрсетпек.

Кесте 1 – Халықаралық туризмнің даму қарқыны

| Жылдар | Барлық елдердегі келушілер саны, млн. адам | Барлық елдегі валюталық түсімдер, млрд. АҚШ долл. |
|--------|--|---|
| 1980 | 159 | 17,9 |
| 1990 | 284 | 97,0 |
| 2002 | 415 | 230,0 |
| 2008 | 901 | 697,0 |

Кестеден көріп отырғанымыздай, соңғы 20 жыл ішінде әлемде туристік қызметтен түскен валюталық түсімдер 7 есеге өскен. 2002-2008 жылдары халықаралық туризмнен түскен валюталық қаражаттың өсу қарқыны 203 пайызды құрады.

Бірқатар елдерде халықаралық туристік қызмет саудасынан түсетін түсім тауарлар мен қызметтер экспортынан алынатын табыстың басым бөлігін құрайды, мысалға, Австрияда олар 36 %-ға жетсе, Швейцарияда – 11,6 %, Италияда – 11,2 %, Данияда – 8,4 %, Францияда – 7,6 %, АҚШ, Ұлыбритания және Австралияда – 5%-дан астам [4].

Сауда балансының тапшылығы байқалатын елдерде бұл саладан түсетін түсім, оның салыстырмалы жоғары пайызын жапса, шетел туристерін қабылдау мүмкіндіктеріне ие елдердің кейбірінде (мысалға, Австрия), туристік баланстың белсенді сальдосы бірнеше жыл қатарымен сауда балансы тапшылығын жабуға мүмкіндік береді. Осындай елдер үшін туристік қызмет аясы экономиканың өсуінің маңызды құралы болып табылатындықтан, осы елдердің үкіметі бұл қызмет аясы дамуының түрлі аспектілеріне жұмылдырыла кіріседі. Олар туристік инфрақұрылымның әзірлеуіне жауапкершілік алып, саланың дамуына қолдау көрсете, салық табыстарын ұлғайтады. Көптеген дамушы елдердегі туристік қызметтер аясынан түсетін салықты табыс, тікелей немесе жанама болсын, үкіметтік қорлардың қайнар көздері болып табылады. Және де туристік қызметтер аясы экономиканың басқа салаларымен үйлесе дамуына кепілдеме болады.

Ең алдымен, туристік қызмет индустриясының әлеуметтік-тұрмыстық қызметтері халық тұрмысындағы әлеуметтік-экономикалық маңыздылығымен ерекшеленді.

Қорытынды

Сонымен, туристік аядағы қызмет, әлеуметтік-мәдени, экономикалық және экологиялық алғышарттарға негізделген, әлуетті салынған компоненттердің қайта қалпына келуі мен сақталуына септігін тигізетін, күрделі симбиозды формада көрінеді. Осы компоненттердің белсенділігі барлық қоғамдық процестердің дамуына негіз бола алады.

Әдебиеттер:

1. Кабушкин Н.И. Менеджмент туризма: Учебное пособие – Минск, 1999
2. Богомолов В. Экономика туризма. М., 2004
3. Дурович А.П., Копанев А.С. Маркетинг в туризме: Учебное пособие / Под ред. Горбылевой З.М., М.: 1998
4. Дуйсен Г.М. Основы формирования и развития индустрии туризма а Казахстане, Алматы, 2002